

КІТАПХАНАЛАР ДӘСТҮР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР ОРТАСЫНДА: ЕСТЕЛІК, БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

Есмагамбетова Г.К., аға оқытушы, complectovanie.kgu@inbox.ru

Жалғасбекова А., БД-25-1 тобының студенті,

aigerimzhalgasbekova@icloud.com

Аңдатпа.

Дәстүрлі кітапхананың басты мақсаты – қоғамға білім беру, ақпарат тарату, адамдардың рухани және интеллектуалдық дамуына жағдай жасау. Кітапхана қоры әртүрлі бағыттағы әдебиеттерден тұрады: көркем әдебиет, ғылыми еңбектер, оқу құралдары, энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалық басылымдар және зерттеу материалдары. Әрбір кітап белгілі бір классификацияға сәйкес сөрелерге орналастырылады, бұл оқырмандарға қажетті ақпаратты тез және тиімді табуға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер. «KazakhSoft», «КАБИС», РАБИС, ИРБИС, электрондық кітапхана (РЭМБ), Ұлттық электрондық кітапханасы (КазНЭБ).

Аннотация.

Основная цель традиционной библиотеки заключается в предоставлении обществу знаний, распространении информации и создании условий для духовного и интеллектуального развития людей. Библиотечный фонд состоит из литературы различных направлений: художественных произведений, научных трудов, учебных пособий, энциклопедий, словарей, справочных изданий и исследовательских материалов. Каждая книга размещается на полках в соответствии с определённой классификацией, что позволяет читателям быстро и эффективно находить необходимую информацию.

Ключевые слова: «KazakhSoft», «КАБИС», РАБИС, ИРБИС, электронная библиотека (РЭМБ), Национальная электронная библиотека (КазНЭБ).

Кіріспе. Кітап адамның ойлау қабілетін дамытып, тіл байлығын арттырады. Сонымен қатар, кітап оқу адамды сабырлы, ізденімпаз болуға үйретеді. Кітапхана – білім мен рухани байлықтың қайнар көзі. Ол жерде адамдар түрлі кітаптарды оқып, өз ой-өрісін кеңейтеді. Сондықтан кітапхана мен кітаптың қоғамдағы маңызы өте зор. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кітапханаларды ұлттың рухани, мәдени және ғылыми дамуының тірегі ретінде қарастырады. Соның нәтижесінде V Ұлттық Құрылтайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылордада заманауи көпфункционалды кітапхана құру жоспарын жариялады. Мемлекет басшысы білім беру мен оқу мәдениеті ұлттық дамуда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. «Кітаптар – ұлтымыздың прогресінің ең маңызды баспалдағы. Сондықтан біз қоғамда кітап оқу мәдениетін үнемі қалыптастыруымыз керек», - деп атап өтті Президент.

Кітапханалар қоғамда білім мен ақпараттың қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Олар адамдарға оқу және өзін-өзі дамыту мүмкіндігін береді, қоғамның рухани дамуына үлес қосады. Осылайша, кітапханалар қоғамның зияткерлік деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Негізгі бөлім. Дәстүрлі кітапхана – бұл басылымның барлық түрлерін және ақпарат көздерін жинақтап, сақтайтын маңызды мәдени-ағарту мекемесі. Дәстүрлі кітапхананың басты мақсаты – қоғамға білім беру, ақпарат тарату, адамдардың рухани және интеллектуалдық дамуына жағдай жасау. Кітапхана қоры әртүрлі бағыттағы әдебиеттерден тұрады: көркем әдебиет, ғылыми еңбектер, оқу құралдары, энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалық басылымдар және зерттеу материалдары. Әрбір кітап белгілі бір классификацияға сәйкес сөрелерге орналастырылады, бұл оқырмандарға қажетті ақпаратты тез және тиімді табуға мүмкіндік береді. Кітаптарды іздеу үшін каталогтар қолданылады, олар алфавиттік, тақырыптық немесе жүйелік түрде ұйымдастырылады. Кітапханашылар оқырмандарға әдебиеттерді таңдауда кеңес береді, іздеген кітаптарын табуға көмектеседі және кітапхананың қызметін тиімді жүргізеді.

Дәстүрлі кітапханалар тек кітап беру қызметімен шектелмейді. Олар мәдени және білім беру іс-шараларын ұйымдастыру арқылы оқырмандардың қызығушылығын арттырады. Кітап көрмелері, әдеби кештер, авторлармен кездесулер, семинарлар мен лекциялар – мұның

барлығы оқырмандарға мәдени даму мен білімді тереңдетуге мүмкіндік береді. Мұндай шаралар кітапқа деген сүйіспеншілікті қалыптастырады және жастардың оқу мәдениетін дамытуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, дәстүрлі кітапханалар білім беру мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Мектептер мен университеттер кітапханалармен әріптестік орнатып, оқу бағдарламаларына сәйкес әдебиеттерді қамтамасыз етеді. Бұл оқушылар мен студенттердің ғылыми жұмыстарын жүргізуге, жобалар мен зерттеулер жасауға, ақпарат көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Кітапханашылар студенттерге ізденіс жұмысына қажетті ақпаратты табуға көмектесіп, ғылыми қызметтің сапасын арттырады.

Қазіргі уақытта дәстүрлі кітапханалар ақпараттық технологияларды қолдана отырып, өз жұмысын жетілдіруде. Электронды каталогтар, цифрлық ресурстар, интернетке қолжетімділік және электронды кітаптарды пайдалану дәстүрлі кітапхананың мүмкіндіктерін кеңейтті. Электронды каталогтар арқылы оқырмандар кітаптарды тақырып, автор немесе кілт сөздер бойынша іздей алады, бұл іздеу уақытын айтарлықтай қысқартады. Сондай-ақ, электрондық ресурстар арқылы қашықтан оқу мүмкіндігі пайда болып, оқырмандар кітапханаға келмей-ақ қажетті ақпаратқа қол жеткізе алады.

Дәстүрлі кітапханалар заманауи технологияларды енгізсе де, олардың басты міндеті – кітап оқуға қызығушылықты арттыру, ақпаратты тиімді басқару және ұрпаққа мәдени мұраны жеткізу болып қала береді.

Қазақстан Республикасында автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық технологияларды кітапхана жұмысына енгізуді 1998 жылынан бастады. Алғашқы инновациялар кітапханаларға Москва қаласының Москва мемлекеттік университетінен шыққан (МГУ) "Библиотека 4.02" бағдарламасы ретінде пайдалана бастады. Олар кітапханалардың жұмысын жеңілдету, жылдамдату және тиімділігін арттыруға арналған кәсіби бағдарламалық құрал болып табылады. Әсіресе, үлкен кітап қорына ие мемлекеттік, ғылыми, университеттік және қоғамдық кітапханалар үшін осындай жүйелердің маңызы өте зор.

Қазақстан Республикасында 2000 жылдардың ортасынан бастап Республикалық автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйе (РАБИС) бағдарламасын жасақтады. Бұл ҚР Ұлттық кітапханасының интеллектуалды өнімі болып табылады. Бұл кітапхана қызметін толықтай цифрландыруға бағытталған жүйе. Ол кітаптарды тіркеу, каталогтау, іздеу, сақтау және оқырмандарға беру сияқты процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Бұрын кітапханаларда барлық жұмыстар қолмен жүргізілсе, қазір РАБИС арқылы көптеген рутиндік операцияларды бірнеше секундта орындауға болады. Мысалы, кітапты тіркеу немесе оқырманды есепке алу бұрын бірнеше минуттан көп уақыт алса, қазір бұл жүйе арқылы бірден жүзеге асырылады. РАБИС жүйесінің тағы бір маңызды артықшылығы – кітап қорының толық ақпаратын сақтау. Әрбір кітап, оның авторы, басылым жылы, томы, саны және орналасқан орны жүйеде тіркеледі. Бұл оқырмандарға қажет кітапты тез табуға және кітапхана қызметін ұйымдастыруды тиімді етуге мүмкіндік береді.

2004 жылдан бастап «КазакСофт» қазақстандық компаниясы қазақстандық автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйе «КАБИС» бағдарламасын жасақтады. КАБИС бағдарламасы арқылы кітапхана қызметкерлері статистикалық мәліметтерді жинап, талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, жүйе арқылы кітапхананың жиынтық есеп кітабын жасау, кітапхананың қай бөлімдерінде оқырмандар белсенді, қандай кітаптар ең көп сұранысқа ие, қандай материалдар сирек оқылады деген ақпарат алуға болады. Бұл кітапхана қызметін жетілдіруге, қорды тиімді басқаруға және болашақта сатып алуларды жоспарлауға көмектеседі.

РАБИС пен КАБИС жүйелерінің тағы бір артықшылығы – олар қателіктерді азайтып, адам еңбегін жеңілдетеді. Бұрын кітапханаларда барлық жұмыстар қолмен жүргізілетін, кейде кітаптар жоғалып кетіп немесе есеп дұрыс жүргізілмейтін. Қазіргі жүйелер бұл мәселені шешіп, процестерді автоматтандырады. Сонымен қатар, оқырмандар үшін де ыңғайлы, себебі электронды каталог арқылы қажетті кітапты бірнеше секундта табуға болады, ал кейде онлайн

тапсырыс жасап, кітапханаға алдын ала тапсырыс беруге мүмкіндік бар.

Қазіргі замандағы кітапханаларда ақпарат жылдам таралып, оқырмандардың әртүрлі қажеттіліктері бар. Қазақстандық ақпараттық кітапханалық автоматтандырылған жүйелері осындай талаптарға сай қызмет көрсетеді. Олар кітапхана жұмысын тиімді басқаруға, ақпаратқа қолжетімділікті арттыруға және оқырмандарға ыңғайлы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кітапхана қызметкерлері бос уақытында шығармашылықпен айналысып, ғылыми немесе мәдени жобаларды жүзеге асыра алады, себебі көптеген рутиндік жұмыстар автоматтандырылған.

2000 жылдардың басында Ресей Федерациясы кітапханалық-ақпараттық жүйе ИРБИС жасақталды.. Бұл заманауи кітапханалық автоматтандырылған ақпараттық бағдарлама, кітапхана қызметін толық цифрландыруға арналған кәсіби бағдарламалық құрал. Ол әсіресе ірі университеттер, ғылыми орталықтар, мемлекеттік және қоғамдық кітапханалар үшін қолданылады. Ирбис жүйесі кітап қорын басқарудан бастап, оқырмандарға қызмет көрсетуге дейінгі барлық процестерді автоматтандыруға арналған, бұл кітапханашылардың жұмысын жеңілдетіп, оқырмандар үшін ыңғайлы және тиімді қызмет ұсынады.

ИРБИС кітапхана қорының электронды каталогын жасауға мүмкіндік береді. Бұл каталог арқылы оқырмандар қажетті кітаптарды тақырыбы, авторы, басылым жылы немесе кілт сөздері бойынша іздей алады. Бұрынғы дәстүрлі жүйелерде кітаптарды іздеу уақытты көп алса, ИРБИС жүйесі іздеу процесін бірнеше секундқа дейін қысқартады. Сонымен қатар, бұл жүйе кітапхана қорындағы материалдардың толық ақпаратын сақтап, кітаптардың қай жерде екенін нақты көрсетеді.

Бағдарлама сонымен қатар интеграциялық мүмкіндіктерге ие. Ол басқа автоматтандырылған жүйелермен байланыс жасап, цифрлық ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, электронды кітаптар, журналдар, ғылыми мақалалар мен деректер базаларын қосу арқылы оқырмандарға толық ақпараттық қолжетімділік ұсынады. Ирбис интерфейсі пайдаланушыға ыңғайлы етіп жасалған, бұл жаңа пайдаланушылар үшін де түсінікті және жеңіл.

Қазіргі замандағы кітапханаларда ақпарат жылдам таралып, оқырмандар әртүрлі қажеттіліктерге ие. Ирбис жүйесі осындай заманауи талаптарға сай қызмет көрсетеді. Ол кітапхана жұмысының тиімділігін арттырады, адам еңбегін азайтады және ақпаратқа қолжетімділікті барынша жеңілдетеді. Сонымен қатар, бұл жүйе кітапхана қызметкерлеріне шығармашылық пен зерттеу жұмыстарымен айналысуға көбірек уақыт қалдырады, себебі көптеген рутиндік процестер автоматтандырылған.

Кітапханада автоматтандырудың алғашқы қадамдары басталған соң электронды кітапханаларды құру туралы ұсыныстар түсті. Электронды кітапханалардың тарихына жүгінсек, әлемдегі алғашқы электронды кітапхананы құру 1971 жылы американдық Майкл Харттың негізін қалаған «Гютенберг» жобасы болды. Бұл жоба әмбебап электронды кітапхананы құру және таратудың қоғамдық бастамасы болды. 1993 жылдан бастап ресейлік конференцияларда электронды кітапханалар мәселесі бойынша белсенді талқылау басталды. Ресейдегі Бірінші электронды кітапхана 1994 жылы құрылған ол «Максим Мошков кітапханасы» болды. Қазіргі уақытта ол ең ірі және танымал кітапханалардың бірі болып табылады.

Қазақстанда электронды кітапхана деген ұғым 2000 жылдардың басында қолданыла бастады. Қазіргі таңда Қазақстанда 2 корпоративтік электрондық кітапханалар өз қызметін атқарады. 2009 жылы Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана (РЭМБ) құрылды.

РЭМБ электронды кітапханасы ҚР ЖОО профессор-оқытушылары мен білім алушыларына арналған платформа. Бұл порталда жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми мақалалар, диссертациялар, зерттеу еңбектері мен методикалық материалдарды оқырмандарға қолжетімді етеді. Бұл студенттер мен ғалымдарға өз зерттеу жұмыстарын жүргізуге, жаңа ғылыми нәтижелерді қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүйе халықаралық ғылыми ақпаратпен интеграциялана алады, шетелдік

материалдарға да қол жеткізу мүмкіндігін береді. РЭМБ жүйесі кітапхана қызметін автоматтандырылған және заманауи технологияларды қолдануға бағытталған. Электрондық каталогтар, іздеу жүйесі, деректер базасы және қорды басқару құралдары оқырмандарға ыңғайлы интерфейс арқылы ұсынылады. Бұл кітапханалық процестерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді, адам еңбегін азайтады және қателіктердің алдын алады.

РЭМБ – бұл Қазақстандағы заманауи, сенімді және тиімді ұлттық электрондық кітапхана. Ол кітапханалық процестерді автоматтандырып, оқырмандарға ыңғайлы қызмет көрсетеді, ақпаратқа қолжетімділікті арттырады, ұлттық мәдени және ғылыми мұраны сақтауға көмектеседі. РЭМБ ҚазНЭБ білім беру, ғылыми зерттеу және мәдени даму салаларында ерекше рөл атқарады. Бұл платформа оқырмандарға білім мен ғылымға тең қолжетімділік беріп, заманауи ақпараттық қоғам талаптарына сай жұмыс істейді. Сонымен қатар, ұлттық мәдениетті сақтау және дамытуда маңызды рөл атқара отырып, болашақ ұрпаққа ақпараттық, ғылыми және мәдени мұраны жеткізудің сенімді жолын қамтамасыз етеді.

Қазақстан республикасының Қазақ Ұлттық академиялық кітапханасы қорының негізінде 2007 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық электрондық кітапханасы (КазНЭБ) жасақталды. Бұл еліміздің ғылыми, мәдени және әдеби мұрасын цифрлық форматта сақтап, қоғамға қолжетімді ететін заманауи ақпараттық платформа. КазНЭБ-тің басты мақсаты – кітапханалық материалдарды, соның ішінде баспа және электрондық басылымдарды біріктіріп, оларды онлайн түрде оқырмандарға ұсыну. Бұл жүйе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, білім беру процесін қолдау, мәдени мұраны сақтау және тарату үшін арналған маңызды құрал болып табылады.

КазНЭБ Қазақстандағы дәстүрлі кітапханалық қызмет пен заманауи технологияны біріктіретін ақпараттық жүйе ретінде ерекшеленеді. Платформада кітаптар, ғылыми мақалалар, диссертациялар, энциклопедиялар, анықтамалықтар, архив материалдары және ұлттық мәдени мұра нысандары цифрлық форматта сақталады. Бұл пайдаланушыларға қажетті ақпаратты онлайн іздеуге, оқу және жүктеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жүйе қашықтықтағы оқытуға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге және ғылыми ақпаратқа тез қол жеткізуге ыңғайлы.

КазНЭБ платформасының маңызды ерекшелігі – ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету. Пайдаланушылар тақырып, автор, басылым жылы немесе кілт сөздер бойынша материалдарды іздей алады. Сонымен қатар, пайдаланушылар тіркелген есептік жазба арқылы материалдарды PDF немесе ePub форматында оқи алады, кейде жүктеп алып зерттеу жұмыстарына пайдалана алады. Бұл оқырмандарға кітапханаға бармай-ақ өздеріне қажет ақпаратты алу мүмкіндігін береді.

КазНЭБ тек ғылыми және оқу материалдарын ғана ұсынбайды. Ол ұлттық мәдени мұраны сақтау және таратуда да маңызды рөл атқарады. Сирек басылымдар, тарихи құжаттар, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қатысты материалдар электрондық форматта сақталады. Бұл зерттеушілер, тарихшылар, студенттер мен оқырмандар үшін баға жетпес ресурс болып табылады. Платформа ұлттық мәдени мұраны сақтау және оны болашақ ұрпаққа жеткізудің сенімді жолын қамтамасыз етеді.

Электрондық кітапхананың артықшылықтарының бірі – ыңғайлы пайдаланушы интерфейсін. Пайдаланушылар компьютер, планшет немесе смартфон арқылы жүйеге кіріп, ақпаратқа қол жеткізе алады. Интерфейс қарапайым, түсінікті және жаңадан кірген оқырман үшін де қолжетімді. Сонымен қатар, КазНЭБ-де авторлық құқықтарды сақтау және пайдаланушы деректерінің қауіпсіздігі қамтамасыз етілген.

КазНЭБ ғылыми ақпаратты таратуда да маңызды рөл атқарады. Платформа ғылыми мақалалар, диссертациялар, зерттеу еңбектері мен методикалық материалдарды оқырмандарға қолжетімді етеді. Бұл студенттер мен ғалымдарға зерттеу жұмыстарын жүргізуге, жаңа ғылыми нәтижелерді қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл платформа халықаралық ғылыми ақпаратпен байланыс жасап, шетелдік материалдарға қолжетімділік береді.

КазНЭБ – бұл Қазақстандағы заманауи, сенімді және тиімді ұлттық электрондық кітапхана.

Ол білім беру, ғылыми-зерттеу, мәдени және ақпараттық қызмет салаларында ерекше рөл атқарады. Платформа оқырмандарға білім мен ғылымға тең қолжетімділік береді, ұлттық мәдени мұраны сақтауға және болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік жасайды. ҚазНЭБ ақпараттық қоғам талаптарына сай жұмыс істеп, заманауи технологияларды қолдана отырып, оқырмандар мен зерттеушілер үшін білім алу және ақпаратқа қолжетімділіктің негізгі орталығы болып табылады.

Қорытынды. Дәстүрлі кітапханалар заманауи автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйелердің көмегімен әрі қарай қызмет көрсету сапасын арттырып, оқырмандарға жылдам әрі ыңғайлы ақпарат ұсынуға мүмкіндік алады. Болашақта кітапханалар толық цифрландырылғанымен, дәстүрлі кітаптардың құндылығы сақталады. Сондықтан екі бағыт қатар дамиды деп айтуға болады.

Әдебиеттер:

1. Наурызбаева Г.А. Кітапхана ісі тарихы: оқу құралы. / Г.Наурызбаева. – Алматы: Лантар books, 2022. – 258 б.
2. Наурызбаева Г.А. Кітапханатануға кіріспе: оқу құралы. / Г.Наурызбаева. – Алматы: ADAL KИTAP, 2022. – 159 б.
3. Жалғасбай, Е. Жаңа кітапхананың жаңалығы мол / Е. Жалғасбай // AIQYN. – 2026.- 4 сәуір (№ 37). – 15 б.
4. Зұлқарнай, Е. Елдіктің жауапты кезеңінде бірлік пен байыптылық маңызды [Мәтін] / Е. Зұлқарнай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2026. – 21 қаңтар (№ 14). – 1-3 б. Қызылордада бесінші мәрте шақырылған Ұлттық құрылтай отырысы жоғары деңгейде өтіп, ел тағдырына қатысты мән-маңызы зор мәселелер мен міндеттер талқыға салынды.
5. Алтыналмас ұлттық деңгейдегі ең ірі әлеуметтік жобалардың бірін жүзеге асыруда. Қызылордадағы әлеуметтік жоба [Электрондық ресурс]. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D1%96%D1%82%D0%B0%D0%BF%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%B0> .